

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы**

### **Күшін жойған**

Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 15 қазандағы № 35-4 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 10 қарашада № 2911 болып тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 желтоқсандағы № 55-6 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Көксу аудандық мәслихатының 04.12.2019 № 55-6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

**РҚАО ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде тұпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қантардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына және "АгроЕнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 18-бабы 5-тармағына сәйкес, Көксу аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Көксу ауданының ауылдық елді мекендерінде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және ветеринария үйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін аудандық бюджет қаражаты есебінен бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Көксу аудандық мәслихатының "Занұлық пен құқықтық тәртіп, тұрғындарды әлеуметтік қорғау, марапаттау және депутаттардың өкілеттігі жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат  
сессиясының төрагасы  
Аудандық мәслихаттың  
хатшысы

Ш. Гусенов

А. Досымбеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және  
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК